

Республиканың мал шаруашылығын дамытудың жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 шілдедегі N 1089

Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің одан әрі кемуін болдырмау, мал мен құстың санын тұрақтандыру, ауыл шаруашылығы құралымдарында, шаруа қожалықтарында және халықтың үй басында мал сатып алуды ұйымдастыруды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару, Жекешелендіру жөніндегі департаменттері аграрлық секторда экономикалық реформаларды тереңдету, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өзара тиімді шарттарда өнімдер дайындау және өткізу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі кооперативтерін, сондай-ақ тірі мал мен мал шаруашылығы өнімдерін сату жөніндегі көтерме сауда базарларын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақ акционерлік агроөнеркәсіп банкінің, басқа да екінші деңгейдегі акционерлік банктердің ұсыныстарының негізінде бір айлық мерзім ішінде мал мен мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу үшін несиелі ресурстарын алу құқығына арналған тендер өткізудің тәртібін әзірлесін және бекітсін.

Облыстардың әкімдері екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі әзірлеген шарттарда дайындаушы және қайта өңдеуші кәсіпорындардың арасында несиелі ресурстарын алу құқығына арналған тендер өткізсін.

Банктерге ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен өнімдер сатып алуға арналған тендердің жеңімпаздарына банктердің ішкі несиелік саясаттарының шартымен несиелік ресурстар бөлу ұсынылсын.

3. О б л ы с ә к і м д е р і н е :

өндірістік кооперативтермен және басқа да ауыл шаруашылығы құралымдарымен шарттық талаптарда малдары мен құстары жоқ үй шаруашылықтарын оларды үй л е с т і р і п б е р у ;

табиғи алқаптардан да, неғұрлым тиімсіз пайдаланылған жыртылған жерлерден де оларға шабындық алқаптар мен жайылымдар бөлу жолымен мал азығымен қамтамасыз ету, ақылы шарттармен халыққа оларды дайындау жөнінде көмек көрсету;

өнім беретін аналық мал басын сақтау және көбейту, шарттық талаптармен олардың тұқымын асылдандыру және мал дәрігерлік қызмет көрсету жөнінде мүмкін болатын шаралар әзірлеу және қабылдау ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қосылған құнға салынатын салық жөніндегі есепте тұрмайтын жеке адамдарға мал және мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу кезінде қосылған құнға, сондай-ақ импортталатын асыл тұқымды мал мен асыл тұқымды жұмыртқаға, жоғары құнды асыл тұқымды малдардың ішкі төлі мен ұрығына, ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыру мен олардың ұрықтарын криоконсервациялауға арналған аспаптарға салық салудың тәртібін қолдануды жетілдіру туралы негізделген ұсыныс енгізісін.

5. Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп үш ай мерзім ішінде мал шаруашылығында шаруашылық жүргізуші субъектілерді қалыптастырудың аймақтық ұйымдастыру-экономикалық және оларды нарықтық қатынастар жағдайларында жүргізудің моделін әзірлесін, сондай-ақ республикада мал мен құстың түрлі тұқымдарының бағалы тектік қорларын сақтау және көбейту жөніндегі аймақтық селекциялық-генетикалық орталықтарын құру мәселелерін пысықтасын.

6. Ауыл шаруашылығы министрлігі Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорының Ведомствоаралық кеңесімен бірлесіп: <*>

1998 жылдың 1 қаңтарына дейін асыл тұқымды мал заводтары мен шаруашылықтарын жекешелендіру жағдайында мал тұқымын асылдандыру ісін жүргізудің ұсынымын әзірлесін;

Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институтының К.М.Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығынан республиканың жетекші асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтарынан 80 басқа дейін асыл тұқымды австралиялық меринос тұқымының тоқтыларын және тұқымдық қошқарларының ұрығын жыл сайын тегін беруді қамтамасыз етсін, бұл ретте тәжірибе шаруашылығының шығындары Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорының есебінен өтелсін;

1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін мерзімде Австралиядан меринос тұқымды қойларды сатып алу, Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институтының К.М.Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығының асыл тұқым шығаруда өз қайта жаңғыртуымыздағы таза тұқымды қойларды өсіру кезіндегі шығындарды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ақшыл қылшық жүнді асыл тұқымды қойларын және қойлардың бағалы тұқымдарының тұқымдық қошқарларының ұрықтарын сатуының құнын өтеудің тәртібін әзірлесін.

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.27. N 623 қаулысымен .

7. Азия Даму Банкінің бағдарламалық займын үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық кеңеске Займның екінші траншы қаражатының бір бөлігін шаруа (фермерлік) қожалықтарын мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге қажетті шағын механизация құралдарымен және оны өңдеу, әсіресе қылшықты жүнді және осы негізде

халықтық тұтыну тауарлары мен дәстүрлі ұлттық бұйымдарды дайындау жөніндегі шағын технологиялармен жарактандыруға бағытталсын.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Экономика және сауда министрлігімен және облыс әкімдерімен бірлесіп екі айлық мерзім ішінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге арналған қаржы-экономикалық және материалдық-техникалық шаралардың кешенін көздейтін селолық жерлерде шағын және орташа бизнесті дамытудың бағдарламасын дайындасын және бекітсін.

9. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп екі айлық мерзім ішінде реформаланған ауыл шаруашылығы құралымдарының бюджет пен Зейнетақы қорының алдындағы борыштарын қайта құрылымдау туралы мәселені қарасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару, Жекешелендіру жөніндегі департаменттерімен бірлесіп "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамы олардың бөліктенуі және қажет болған жағдайда банкроттық, тарату немесе оңалту, мемлекетке берешегін акцияларға ауыстыру және оларды сатуға қою рәсімдерін қоса ала отырып берілген шикізат үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне берешектерін өтеуі шартымен мемлекеттің алдында берешегі бар ет комбинаттарының, сүт зауыттарының және жүнді бастапқы өңдеу жөніндегі фабрикалардың борыштарын қайта құрылымдау жөніндегі шараларды жүзеге асырсын, сондай-ақ несие берушінің талап ету құқықтарына тегін жол беруді жүргізісін.

11. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі облыс әкімдерімен бірлесіп ауыр қаржы жағдайындағы ет-сүт өнімдері мен жүнді қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың тізбесін, мүлкінің 80 проценттен асатын тозу дәрежесін айқындасын және оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде көрсетілген объектілерді өндірісті инвестициялау шарттарымен берудің, оларды қалпына келтірудің және өндірілетін өнімдердің тұрақты көлемдеріне жетудің тәртібін әзірлесін және бекітсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамымен бірлесіп белгіленген тәртіппен оларды заңды және жеке тұлғаларға беру туралы мәселені қарасын.

12. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп бұл мақсатқа Азия Даму Банкі екінші

траншының Займы қаражатын пайдалана отырып жүнді бастапқы өңдеу фабрикаларында қылшық жүнді өндірістік қайта өңдеудің көлемдерін арттыру, одан дайындалған кунит пен басқа да өнімдерді өткізетін сенімді рыноктарды іздестіру жөніндегі қосымша шараларды жүзеге асырсын.

13. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Экономика және сауда министрлігімен бірлесіп мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеуді дамыту үшін кейіннен Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен оларға жеңілдіктер мен преференциялар, оның ішінде мемлекеттік заттай гранттар беру үшін келісім-шарттар жасасу арқылы инвесторларды тарту жөнінде шаралар қабылдасын.

14. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі үш айлық мерзім ішінде республиканың машина жасау кәсіпорындарында шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін шағын механизация құралдарын өндіруді ұйымдастырудың мақсатты бағдарламасын әзірлесін.

15. Облыстардың әкімдері мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мал шаруашылығының азық базасын нығайту мақсатында жайылымдық алқаптарды жақсарту және оларды суландыру жөніндегі практикалық шараларды әзірлесін және жүзеге асырсын.

16. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлігі комитеті және облыстардың әкімдері екі ай мерзім ішінде республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражаттың есебінен және шегінде мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің желілерін қалыптастыруды аяқтау жөнінде шаралар қабылдасын.

17. Облыстардың әкімдері бір айлық мерзім ішінде мал шаруашылығы өнімдері рыногын талдаудың, шығындардың, өзіндік құнның және бағалардың деңгейлерін зерттеудің негізінде мал шаруашылығын дамыту жөнінде аймақтық бағдарламалар әзірлесін және оларды қарау және қорғау үшін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне ұсынсын.

18. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетімен бірлесіп үстіміздегі жылдың екінші жарты жылдығында салық базаларын айқындау мен салық есебін жүргізудің, жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерге патенттер берудің оңайлатылған жүйесін қайта қарасын және оларды енгізу жөнінде шаралар қабылдасын.

19. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын, 1 ақпанға дейін осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлап отырсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК